



Бекітемін
«Балтырған» бөбекжай
бақпасы меңгерушісі
Бимырзаева
25 шілде 2024

Баланы қалай жақсы көру керек?

Томпаңдаған бөбегім,
Ертеңіне сенемін
Ата - аналармен жұмыс

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез - құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін т. б. тереңірек зерттеу. Ата - ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Барысы:

Психолог: Атамыз қазақ «Бала - адамның бауыр еті», «Балалы үй - базар»- дейді.

Өйткені бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі.

Ал біз қазіргі уақытта жұмысбастылықпен балаларымыздың іс - әрекеті, мінез - құлқы, қызығушылығы мен бейімділігіне немесе күнделікті көңіл - күйіне жеткілікті көңіл бөлеміз бе?

Балаларымыз қалай өсіп келеді?

Алдағы жарты сағат уақыт ішінде осы сұрақтар төңірегінде ойланып көрмекке ортамызға бір топ ата - аналарымыз қонақ болып келіп отыр, таныс болыңыздар:

Психолог: Бүгінгі басқосуымыз әдеттегі іс - шараларға қарағанда өзгеше. Бүгін сіздер бір сәт балалық шақтарыңызға қайта ораласыздар, балаларыңыздың көзқарастарына сәйкес ойланасыздар, балаларыңызды өздеріңізге беймәлім қырынан танып білулеріңіз де мүмкін. Ендеше іске сәт дейік!

Психолог I кезеңіміз «Менің балам...» деп аталады. Бұл кезеңде сіздерге өз балаларыңызды барынша мақтап қалуға мүмкіндік бар. Әңгімелеріңізді кезекпе - кезек «Менің балам...»- деп бастап, әрі қарай өз балаларыңыздың тәтті қылықтары, мінезіндегі, түр – сипатындағы ерекшеліктері, т. б. туралы баяндау ұсынылады. Дайын болсақ бастайық!

Психолог: Әңгімелеріңіз үшін көп рахмет. Өз балаларыңызды өзгемен шатастырмайтындарыңыз белгілі болды. Десе де сіздерге кішкентай ғана бір емтихан ұйымдастырған едік, тамашалап көрсек...

Психолог: «Жедел тест» деп аталады. «Жедел тест» құрамына кіретін 2 сұраққа сіздердің балаларыңыздың жауаптары алынып қойылған, дәл сол сұрақтарға енді сіздер көп ойланбай тез арада жауап берулеріңіз керек. Балаларыңыздың жауабымен сәйкес келген жауаптарыңыз үшін 1 ұпайдан иеленесіздер. «Жедел тест» құрамындағы 3 - сұрақ тек сіздер үшін қойылады, өз ойларыңызды білдіруге мүмкіндік аласыздар. (Жедел тест слайд арқылы көрсетіледі.)..... отбасы алғашқы жедел тест сіздер үшін:

I жедел тест

1. Балаңыздың ең сүйікті асы не?

А) Жарма ботқасы Ә) Сорпа Б) Дүкендегі дайын тағамдар В) Қуырылған картоп

2. Өскенде балаңыз кім болғысы келеді?

А) Дәрігер Ә) Өнші Б) Елбасы В) Сарбаз

3. Балабақшадағы тәрбиешілерінің есімдерін білесіз бе?

II жедел тест

1. Балаңыз отбасында «кімнің баласы?»

А) Атасы мен әжесінің Ә) Әкесінің Б) Анасының В) Бәрінің

2. Балаңыздың ең жақсы көретін ойыншығы не?

А) Машина Ә) Қуыршақ Б) Құрастыру ойыншығы В) Доп

3. Балаңызды қалай еркелетесіз?

III жедел тест

1. Балаңыз неден қорқады?

А) Қараңғыдан Ә) Иттен Б) Жалғыз қалудан В) Қорықпайды

2. Балаңыз қандай мультфильмді қызығып тамашалайды?

А) Саяхатшы Дара Ә) Том және Джерри Б) Алдар көсе В) Білмеймін

3. Бала, отбасы, ата - ана тақырыбында бірнеше мақал айтып берсеңіз?

IV жедел тест

1. Балаңыз күнделікті ұйқыға кетерде нені қалайды?

А) Ертегі Ә) Әлди әнін Б) Арқасын сипалағанды В) Ойыншығын құшақтағанды

2. Балаңыздың ұнатпайтын тағамы не?

А) Бұршақ сорпасы Ә) Қарақұмық ботқасы Б) Қырыққатпар сорпасы В) Сүт көже

3. Балаңызбен соңғы рет бірге жаттаған тақпағыңызды айтып беріңізші?

V жедел тест

1. Балаңыз қандай өнерге бейім?

А) Өнге Ә) Биге Б) Сурет салуға В) Мүсіндеуге

2. Балаңыз қандай ойын ойнағанды ұнатады?

А) Компьютерлік Ә) Тыныш ойындар Б) Қимылды ойындар В) Логикалық ойындар

3. Балаңыздың топта бірге ойнайтын жақын достарын атап бере аласыз ба?

VI жедел тест

1. Балаңыз кімді идеал тұтады?

А) Әкесін Ә) Елбасын Б) Тәрбиешісін В) Мультфильм кейіпкерін

2. Балаңыз жаңа жыл ертеңгілігінде қандай кейіпкер болып киінді?

А) Аю Ә) Күлдіргіш Б) Ноян В) Ханзада

3. Балаңыздың бойындағы қандай мінезіне көңіліңіз толады және қандай мінезінің өзгергенін қалар едіңіз?

Тәрбиеші: Белсенділіктеріңіз үшін көп рахмет! Балаларыңыздың тәрбиесіне алаңдаулы көңілдеріңіз қуантарлық. Сонда да болса кейде жұмыстан шаршап немесе бірдеңеге ренжіп келгенде «ашу - дұшпан, ақыл - дос» екендігін ұмытып кетпеудің бір жолы ретінде сіздермен бір тренинг ұйымдастырғым келіп тұр. Барлығыңызды ортаға шақырамын.

Тренинг «Менің тілегім.....»

Тәрбиеші: Жақсы тілектеріңіз періштенің құлағына шалынсын.

Балпандарымызды жақсы көретінімізді үнемі айтып жүрейік. Бүгінгі күні алдымызда томпандап жүтіріп жүрген бүлдіршіндеріміздің ертеңгі күндері жарқын болсын!



Жанұя бақыты

«Ата-ана махаббаты»

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің каншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәне мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата - ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін,» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған.

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс.

Ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибенің жоқтығы, болмаса тәрбие жұмыстарында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі немесе қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі салдарынан тәрбие процестері көптеген қателіктерге ұшырап отырады.

Сондықтан да мектеп өміріндегі ата-аналардың педагогикалық білімін жетілдіру, мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіне белсене араластыру, соның нәтижесінде ата-ананы баланың алғашқы ұстазына айналдыру мақсатында ұйымдастырылатын семинар тренингтердің маңызы орасан зор.

III. « Біз біргеміз!» жаттығулар

Мақсаты:

Отбасындағы қарым –қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.

Қолынан танып біл!»

Көздері байлаулы әкелері балаларын тауып алулары керек.

Талдау:

1. Сізге балаңызды табуға не көмектесті?
2. Балаңыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

«Біз бақытты жанұямыз!»

Алдын-ала салынған суреттер арқылы өз балаларыңыздың салған суреттерін тауып алыңыздар.

Талдау:

1. Өз отбасыңыздың суретін қалай таптыңыз?
2. Өз отбасыңызды табу қиын болды ма?
3. Суреттерден отбасыңыздың суретін тапқаннан кейін қандай сезімде болдыңыз?

«Аралда»

Қажетті құралдыр: газет

Қатты теңіз толқуынан кейін кеме суға кетіп, кемеңің ішіндегі жолаушылар аралдарға бөлініп топталды. Енді осы аралдарда әрбір отбасы өмір сүріп жатыр. Аралдарды бірте-бірте су басуда, енді әр отбасы осы арлдан өздерін аман алып шығулары керек.



Бекітемін
«Балтырган» бөбекжай
бақшасы менгерушісі
Т.Бимырзаева

«5» аган 20 2

Балабақша мен отбасы

Ата-анамен жұмыс

Дөңгелек үстел:

Мақсаты: Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым - қатынаста болу.

Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.

Көрнекілігі: Музыка жазылған ұнтаспа, қағаз - қаламдар, ағаш, алмалар, шарлар, себет

Шаттық шеңбері:

Ата - аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір - біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір - бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Әр ата - ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі - үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу - Айсұлу.

Тренинг:

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып

отырады).

Сіздердің бұл тандауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр тандағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті тандағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ тандағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата - аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «діңгек тобы»- діңгекті, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

(Музыкалық сүйемел, қалам - қағаздар)

Ұстаздарыңызға деген талап - тілектеріңізді «тамыр тобы»- тамырға, «діңгек тобы» - діңгекке, «жапырақ тобы» - жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.

Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін іліп, балаларыңыздың қызығын көрейік.

(музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу)

Ойын: «Қай жұп күшті?»

Қазір әркім өзіне серік таңдайды, шарды алып, көңілді музыкаға билеп, шарды жарады. Шардың ішінен жақсы тілектер алып шығып, қалған ойыншыларға дауыстап оқып беру. Әр жұп кезектесіп белгіленген уақыттан белгіленген жерге дейін шарды бір - бірін құшақтап шарды жарады.

Ойын: «Кім екенін тап»

Әрбір адам өзінің аты - жөнін көрсетпей, өз - өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамсыз қасиеттерін жазуы керек. Бұл мінездеме жазылған беттерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып, дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табу керек.

«Тілек гүлі» (қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балабақша арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан - жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір - бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді

Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың ойын арқылы үйлесімді дамуы.
Тапсырмалар:

1. Баланың танымдық қызығушылығын, жаңа нәрселерді білуге деген құштарлығы мен қажеттілігін дамыту.
2. Қиялын, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін дамыту.
3. Негізгі идеяларды (қоршаған әлем туралы), сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі бала үшін ойыннан гөрі қызықты әрі мағыналы не болуы мүмкін? Бұл қуаныш, білім және шығармашылық. Ойын – мектепке дейінгі кезеңдегі іс-әрекеттің жетекші түрі, балалар өмірінің негізгі мазмұны. Ойын арқылы бала қоршаған әлемді танып, жаңа білім, білік, дағдыларды игереді, ізденуге, ойлауға және жасауға үйренеді.

Ойын – балалық шақтың айнымас серігі. Мектеп жасына дейінгі бала әлеммен объективті қарым-қатынаста бола алмайды, ол барлық нәрседен өзінің қызығушылықтарын, жеке қатысу формаларын немесе болып жатқан оқиғаларға қатысуын іздейді. Кез келген ойын мектеп жасына дейінгі баланың интеллектуалдық және психикалық дамуы үшін баға жетпес құндылық болып табылады. Дәл осы ойындарда тұлғаның барлық деңгейлері, психикалық процестері, әр түрлі іс-әрекеттері сәтті дамиды. А.Сухомлинский былай деп жазды: "Ойынсыз ақыл-ой да, физикалық та толыққанды даму болмайды және болмайды".

Ойындағы жан-жақты тәрбиенің міндеттері әр жас кезеңінде ойын әрекетінің психологиялық негіздері қалыптасқан жағдайда ғана ойдағыдай жүзеге асырылады. Бұл ойынның дамуы баланың психикасындағы, ең алдымен оның интеллектуалдық саласындағы елеулі прогрессивті өзгерістермен байланысты болғандықтан, баланың жеке басының барлық басқа қырларын дамытудың негізі болып табылады.

Ойын – бұл балалар үшін ең қолжетімді іс-әрекет түрі, қоршаған әлемнен алған әсерлерін, білімдерін өңдеу тәсілі. Ойын барысында баланың ойлау және қиялдау ерекшеліктері, оның эмоционалдылығы, белсенділігі, қарым-қатынас жасау қажеттілігі дамиды. Ойын арқылы бала ересектер әлеміне енеді, рухани құндылықтарды меңгереді, бұрынғы әлеуметтік тәжірибені меңгереді.

Ерте балалық шақтың өзінде-ақ бала кез-келген басқа іс-әрекетте емес, ойын барысында өз бетінше болуға, өз қалауы бойынша құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, ойыншықтарды таңдауға және әртүрлі заттарды қолдануға, белгілі бір қиындықтарды жеңуге үлкен мүмкіндіктерге ие. немесе ойын сюжетімен, оның ережелерімен логикалық байланысты басқа қиындықтар. Ойын баланы қуантады, қуантады. Ойын ең алдымен балалардың өз өмірін, өзіндік белсенділігін, дербестігін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. К.Д.Ушинскийдің бала ойынмен айналысқанда да, мәжбүрлеп ойнағанда да ойнамайтынын байқағаны кездейсоқ емес.

Көбінесе өз әсерлерін бір көздерден ала отырып, балалар әртүрлі тәсілдермен ойнайды. Ойын барысында тұлғаның көрінісінің тіпті байқалмайтын реңктері де кездеседі. Ойын – бұл баланың өзінің іс-

әрекеті. Балалардың жүрегіне жақын бұл іс-әрекетті дұрыс басшылықпен тәрбие құралына айналдыруға болады. Оны басқа тәрбие құралдарымен ұштастыра отырып, баланың бойында жағымды адамгершілік қасиеттерді, қызығушылықтар мен қабілеттерді дамытуға болады.

Мектепке дейінгі балалық шақтың әр кезеңінде ойынның өзіндік ерекшеліктері болады. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың өмірінде кішкентай ойыншықтармен режиссерлік ойын үлкен орын алады, мұнда бала қиялдағы жағдайды жасайды, кейіпкерлермен оқиғаларды ойлап табады, олармен сәйкестендіреді немесе олардан алшақтайды, бір немесе бірнеше рөлдерді орындайды, нақты әлеуметтік қатынастарды модельдейді. ойын түрінде. Режиссерлік актерлік шеберліктің дамуы үшін мектеп жасына дейінгі балаларға тартымды кеңістік қажет. Кішкентай ойыншықтармен ойнауға арналған пәндік ортаны ұйымдастыратын осындай кеңістік пен орталық элемент макет болуы мүмкін.

Орналасу (масштабты модель) - объектінің кішірейтілген масштабтағы немесе нақты өлшемдегі моделі, әдетте, ұсынылған объектінің функционалдылығынан айырылады. Макет модельдерінің балалардың интеллектуалды дамуы үшін де маңызы зор. Балалар қоршаған әлем туралы біледі, туған өлкенің табиғаты туралы біледі, әртүрлі табиғи аймақтармен, жануарлар мен өсімдіктер қауымдастығымен танысады.

Психологиялық ойындарға да көп көңіл бөлінеді. Бұл адам белгілі бір дағдыларды игере алатын, қарым-қатынас жасауды үйренетін, өзі туралы да, қоршаған әлем туралы да өз ойын кеңейте алатын имитациялық жағдайды бейнелейтін ойындар. Психологиялық ойын пайдалы, өйткені онда адам психологиялық проблемалардан (мысалы, шамадан тыс ұялшақтық, агрессивтілік, оқшаулану) ойын жағдайында "жұмыс жасау" арқылы арыла алады.

Психологиялық ойындар арқылы баланың коммуникативтік қабілеттерін, яғни оның қарым-қатынас жасау, белгілі бір қоғамға - балалар мен ересектерге араласу қабілеттерін дамытуға болады. Тіпті үй жануарларымен қарым-қатынасты психологиялық ойындар арқылы жеңілдетуге болады.

Қарым-қатынас дағдыларынан басқа, психологиялық ойындардың көмегімен баланың жеке басының адамгершілік және еріктік қасиеттерін, зейінін, есте сақтауын, логикалық ойлауын, ішкі дүниесін қалыптастыруға және дамытуға болады.

Психологиялық ойындардың мақсаты әр түрлі. Психологиялық ойынның қарапайым түрі – ойын қабығы деп аталады. Бұл балалармен психологиялық жұмыс жасау үшін фон ретінде қолданылатын, олардың қабілеттерін көрсетуге, ашуға және дамытуға мүмкіндік беретін ойын. Дәл осы психологиялық ойын формасы екі жастан жеті жасқа дейінгі балалар үшін оңтайлы болып табылады, өйткені олардың әлі күнге дейін айтарлықтай әлеуметтік тәжірибесі жоқ, ал ересектер осындай ойын жағдайларын жасауы керек – балаларға осы тәжірибені алуға көмектесетін "қабықшалар".

Психологиялық ойындардың тағы бір кең тараған түрі – орналастыру ойыны. Бала басқалармен қарым-қатынас орнатуды үйренеді, ол үшін оны өз заңдарымен белгілі бір "әлемге" "батыру" керек. Дәл осы мүмкіндік беретін ойын түрі.

Жақсы ойын әрқашан бір нәрсеге үйретеді, бір нәрсені дамытады және біздің балаларымызда бір нәрсені тәрбиелейді. Кейде біз, ата-әжелеріміз

ойнаған ең үйреншікті ойын, оның қандай да бір педагогикалық немесе психологиялық мәні бар екенін білмей, мың рет ойналғанымен, күтпеген жерден психологиялық деп танылады. Балалардың жақсы ойынының сұлулығы оның бірден бірнеше мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігінде – танымдық та, тәрбиелік те. Көптеген ойындар ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқаны кездейсоқ емес, ал балалардың әрбір кейінгі ұрпағы оларды қазір есейген әкелері мен аналары, ата-әжелері ойнағандай қуанышпен ойнайды.

Жасыратыны жоқ, баламен ойнағанда біз оның бос уақытын әртараптандырып қана қоймай, пайдалы және қажетті нәрсені үйретуге тырысамыз. Әрине, балалардың қабілеттерін дамыту қажет, ал ойын – бұл үшін ең жақсы құрал. Алайда, балалар психикасының ерекшеліктері сондай, баламен ойын әрекеттерінен лезде нәтиже көрінбеуі мүмкін. Балалар табиғаты бойынша "қор жинаушы" болып табылады, бала барлық күш-жігеріне қарамастан, ең қарапайым нәрселерді ешбір жағдайда есте сақтай алмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Көптеген білімдер біртіндеп жинақталып, уақыт өте келе белгілі бір өзгерістерге алып келеді. Әрине, бұл басқаша болады: кейбір күш-жігер мүлдем нәтиже бермеді. Және бұл үшін балаға ренжуге болмайды: баланың өз қалауы, өз қалауы, қабілеті бар тұлға екенін ескермеудің қажеті жоқ.

Бала өсіп, дамып келе жатқанда көп нәрсені үйренеді. Бізге, ересектерге, қарапайым болып көрінуі мүмкін нәрсе, бала үшін қиын болуы мүмкін, өйткені ол әлі қалай жасау керектігін білмейді немесе ойын талап ететін нәрсені қалай жасау керектігін толық білмеген. Баланың ойын әрекеті оның өсуімен және дамуымен бірге өзгерістерге ұшырайды. Ойын балаға қолжетімді болуы керек, бірақ сонымен бірге жаңа элементті қамтуы керек. Баланы тәрбиелеу жан-жақты болуы керек, яғни баланы тәрбиелеу барысында біз оны физикалық, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық жағынан дамытуымыз керек. Ойындар жан-жақты білім беруді жүзеге асыруға көмектеседі. Алайда, әр түрлі типтегі ойындардың арақатынасы әр түрлі мінезді балаларға қатысты әр түрлі болуы керек. Егер бала белсенді болса, бір орында отыра алмаса және өзін-өзі басқара алмаса, оның бойында ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыруға мұқият назар аударған жөн. Баланы өзін-өзі бақылауға үйрететін бірқатар ойындар бар. Әрине, бұл біз баламен тек осындай ойындарды ойнауымыз керек дегенді білдірмейді, бірақ біз оларды қабылдауымыз керек, әйтпесе бала кейінірек мектепте табандылықпен қиындықтарға тап болуы мүмкін. .

Егер бала енжар болса, назардың орталығында болудан қорқатын болса және сәтсіздікке ұшырау мүмкіндігіне аландаса, баланы белсенділікке итермелейтін ойындарға назар аударған жөн. Кедергісіз, оған ойында сәтсіздікке ұшырау қаупінсіз алға жылжуға көмектесетін рөлді беру керек. Баланы мадақтау керек, жақын арада ол біздің жетістіктерімізге қуанғанымызға риза болады және ол қуана ойнай бастайды.

Балаға арналған ойындарды тандағанда, оның мінезінің жеке ерекшеліктерін ескеру керек, оның мінез-құлық ерекшеліктерін түзететін ойындарды ойнауға тырысу керек, мұндай кедергісіз түзетуді қажет етеді.

Баламен ойнағанда, біз мұны не үшін жасайтынымызды ұмытпауымыз керек. Ойын ең алдымен қызықты болуы керек, сонда ғана бала өзіне жеткізгісі келгеннің бәрін ойын түрінде қабылдайды. Балаларға ойын

барысында еркін болуға мүмкіндік беру маңызды. Біздің баламен ойынға қатысуға деген ұмтылысымыз оған қажет: біз ол үшін білімнің қайнар көзіміз, ол оған қол созады, өйткені әлемде каншама нәрсе ол үшін әлі түсініксіз, белгісіз болып қала береді. Сонымен қатар, біз одан өтуге құқығымыз жоқ шекараны сызуымыз керек. Бұл сызық баламен бірлескен ойындарды оның тәуелсіз ойындарынан ажыратады. Әрине, бұл еркіндік салыстырмалы түрде болады, өйткені іс жүзінде бала әлі де көп жағдайда бізге байланысты.

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың психикалық дамуындағы, оның қоғам өміріне қатысуға дайындалуындағы алғашқы кезең. Кішкентай балалар әлемді тануға ұмтылатын сүйкімді, құмар және бақытты авантюрист. В.А. Сухомлинский баланың рухани өмірі ойын, ертегі, музыка, қиял, шығармашылық әлемінде өмір сүргенде ғана толыққанды болады деп есептеді. Онсыз ол кептірілген гүл. "Ойын – ізденімпаздық пен ізденімпаздықтың ұшқынын тұтандыратын ұшқын. Бұл қоршаған әлем туралы идеялардың, түсініктердің жанданған ағыны баланың рухани әлеміне құйылатын орасан зор терезе".

Балалардың ойындары неғұрлым алуан түрлі, қызықты болса, қоршаған әлем олар үшін бай және кеңірек, олардың өмірі жарқын және қуанышты болады. Ойын арқылы кішкентай адамды үлкен істерге дайындауға болады. А.С.Макаренконың тамаша сөздерін еске салғым келеді: "Ойын баланың өмірінде маңызды, ересек адамның іс-әрекеті, жұмысы, қызметі қандай болса, сол мағынаға ие. Бала ойында қандай болса, ол көбіне есейгенде жұмыста солай болады. Сондықтан болашақ тұлғаны тәрбиелеу ең алдымен ойында жүреді. Жеке тұлғаның қайраткер және жұмысшы ретіндегі бүкіл тарихы ойынның дамуында және оның біртіндеп жұмысқа ауысуында бейнеленуі мүмкін".